

СПОРТТА ЖЕРЛЕСТІК, ТУҒАН-ТУЫС, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ШЕШУ ДЕГЕНДІ ҚОЯТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ →3

ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ: I ТУР НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ? →5

Юрген КЛОПП: ФУТБОЛҒА ҚАУІП ТӨНІП ТҰР →8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық апталық

qazaqsporty.kz

№34 (5385) 10 қыркүйек 2022 жыл

Газет сенбі күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

АЛАШ БАЛАСЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

ОСЫНДАЙ СҮЙІНШІ ХАБАРДЫ ШИРЕК ҒАСЫР КҮТІП КЕЛЕМІЗ



АЛДАҒЫ 10-18 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА СЕРБИЯНЫҢ БЕЛГРАД ҚАЛАСЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ. БҰЛ БӘСЕКЕЛЕРДЕ БАРЛЫҒЫ 30 ЖҮЛДЕ ЖИЫНТЫҒЫ САРАПҚА САЛЫНАДЫ. БҰҒАН ЕЛІМІЗДІҢ БАЛУАНДАРЫ ДА ҚАТЫСАДЫ.

Күрестің үш түрінен өтетін әлем чемпионатынан Ресей балуандары тыс қалып отыр.

– Әлем чемпионаты біздің қатысуымызсыз өтеді. Бұл шешілген мәселе. Ресей спорт төрелігі сотына (CAS) ешқандай апелляция түсірмеді. Өйткені одан ешқандай мүмкіндік көріп тұрған жоқпын, – дейді Ресейдің күрес федерациясының басшысы Михаил Мамаишвили.

Биыл наурыз айында Біріккен күрес әлемі (UWW) Халықаралық олимпиада комитетінің ұсынысымен ресейлік балуандарды халықаралық жарыстардан шеттеткен. Бұған, әрине, Ресей әскерінің

Украина территориясына кіріп, соғыс ашуы себеп болып отыр.

Ресей балуандары тек соғыс аяқталған соң жарыстарға қатыса алады. Енді олар, амал жоқ, өздерінде өтетін спартакиадада бақ сынайды.

Енді әлемнің бес дүркін чемпионы Абдулрашид Садулаев, Заур Угуев, Гаджурат Рашидов, Абасгаджи Магомедов, Роман Власов, Загир Шахиев және тағы басқа дүлдүлдердің бәсекесін көре алмаймыз.

Есесіне еркін күресте Иран, Грузия, Түркия, АҚШ, Үндістан балуандарының жұлдызы жарқырауы мүмкін.

Грек-рим күресінде Куба,

Әзербайжан, Грузия, Жапонияның да мықтылары бар.

Қыздардан онсыз да Күншығыс елінің спортшылары алдарына жан сала қоймайды.

Осы ретте қазақ балуандарына мүмкіндік туындады ма деп ойлайсың. Өйткені біздің балуандардың Олимпиададан басқа жылдың бәрінде өтетін әлем біріншілігінен алтын алмағанына талай жүздің жүзі болды. Соңғы рет 1999 жылы Мхитар Манукян Афинада жеңіске жеткен. Одан бері күрестің үш түрінен Әнуранды орындататын спортшы табу қиын болып тұр.

Әйтеуір 90-жылдары Бақтияр Байсейітов, Дәулет Тұрлыханов, Юрий Мельниченко, Мхитар Манукян грек-рим күресінен алтын алып үлгерді.

Ал еркін күрестен әлі күнге

чемпион шықпаған. Мұндай сәтсіз серияның бір тоқтайтын күні болатын шығар.

Ең алғаш 1995 жылы Атлантада Елмәди Жабырайылов күміс медаль жеңіп алған. Шешенстанның тумасы Қазақстан азаматтығын алмас бұрын Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатында жұлде еншілеп, әбден танылып қалған болатын.

2017 жылы Батыс Қазақстан облысының тумасы Нұрлан Бекжанов Будапешттегі әлем чемпионатының финалында күресті. Өкінішке қарай, шешуші бәсекеде ұсайды. Десек те Бекжанов еркін күрестен әлем чемпионатының финалында белдескен тұңғыш қазақ екенін айта кетуіміз керек.

→2

СПОРТШЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

ӨТКЕН АПТАДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ЕЛ ХАЛҚЫН ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ҚУАНТТЫ. ОЛАР ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДА ЕЛ НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАП ШЫҚТЫ. СОМАРДЫҢ АРАСЫНДА ЕҢ МАҢЫЗДЫ ДЕГЕНДЕРГЕ ТОҚТАЛЫП ӨТСКЕ.



Үстел теннисі. Алан Құрманғалиев үстел теннисінен Лаоста өткен жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында үшінші орынға ие болды. Ол Азия чемпионатының медалін жеңіп алған тұңғыш қазақстандық азамат.

Осы жеңістен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алан Құрманғалиевті телефон арқылы құттықтады. Бұл жетістіктің ел спорты үшін тарихи маңызын атап өткен Мемлекет басшысы Аланның шеберлігіне алғыс айтып, келешекте жаңа жарқын жеңістерге жетуіне тілектестік білдірді.

Байдарка мен каноэде есу. Мария Бровкова 1 000 метр қашықтықта алтын және 500 метр қашықтықта қола медаль жеңіп алды (каноэ – жалғыз). Бұл сүйінші хабарды біз өткен нөмірде сүйіншілеп жазған болатынбыз.

Күзге өрмелеу. Дамир Тогжан АҚШ-тағы жастар арасындағы әлем чемпионатында «жылдамдық» бойынша үшінші орын алды.

Дойбы. Болгарияда дойбыдан әлем чемпионаты өтті. 9 жасқа дейінгі балалар арасында Алтынай Саматова әлем чемпионы атанды, 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында күмісті Айбек Есенғалиев, 20 жасқа дейінгі жастар арасында қоланы Есбол Еренғайып жеңіп алды.

Блицте Алтынай Жұмағалдиева (27 жасқа дейінгі) әлем чемпионы болды, Алтынай Саматова да алтын және блицте Тогжан Тәжібекова (17 жасқа дейін) күміс жеңіп алды.

Классикада Алтынай Саматова да өз жасында абсолютті чемпион атанса, Тогжан Тәжібекова (17 жасқа дейін) алтын, Айбек Есенғалиев (14 жасқа дейін) қола жүлдеге ие болды.

Жастар арасындағы әлем чемпионаты кезінде ерлер мен әйелдер арасындағы командалық әлем чемпионаты қатар өтті. Алтынай Жұмағалдиева мен Тогжан Тәжібекова екі жүлдегер атанды.

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу наұқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
«Еврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ТІЛЕУХАННЫҢ ОРНЫНА САЛЖАНОВ КЕЛДІ

КӘСІПКЕР ИСЛАМБЕК САЛЖАНОВ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ САЙЛАНДЫ.

Қазақ ұлттық спорт түрлері қауымдастығының жаңа президенті болып белгілі кәсіпкер және меценат, Altyn Qutun Foundation қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов сайланды. Бұл туралы Қауымдастық құрылтайшыларының онлайн және офлайн форматта өткен жиналысы барысында белгілі болды.

Айта кетейік, Қазақ ұлттық спорт түрлері қауымдастығы көкпар, аударыспақ, бәйге, жамбы ату, теңге ілу, тоғызқұмалақ және т.б. спорт түрлерін біріктіреді. Бұған дейін ұйымды Бекболат Тілеухан басқарған болатын. «Тәуелсіздік жылдарында ұлттық спорт түрлерін насихаттау және дамыту бағытында айтарлықтай жұмыс атқарылды. Жарыстар республикалық және халықаралық деңгейде өткізілді, қажетті инфрақұрылым пайда болды. Бүгінде Қауымдастық алдында жаңа міндеттер тұр, оларға қол жеткізу үшін барлық тараптардың күш-жігерін біріктіру қажет», деді жиын барысында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.



Өз кезегінде Исламбек Салжанов жиынға қатысушыларға сенім білдіргені үшін алғыс айтты.

«Біздің Қауымдастық балалар спортына ерекше назар аударуы қажет. Бұған қоса, ұлттық спорт стандарттарын бекітіп, жаңа форматтарды енгізуді жоспарлап отырмыз. Мәселен, ұлттық ат спортын жаңғырту өте маңызды», деді Исламбек Салжанов.

Қатысушылар Қауымдастықтың бұрынғы басшылығы атқарған жұмыстарды және ұлттық спорт түрлерін дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ құрылтайшылардың жалпы жиналысы барысында Ұлттық спорт қауымдастығының 2019-2022 жылдары атқарған қызметі туралы есеп тыңдалып, бірлестіктің жаңа басшылық құрамы сайланды.

«ҚАЙРАТ» – ЖЕТІ ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗ!

ФУТЗАЛДАН ҚАЗАҚСТАН СУПЕРКУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ АНЫҚТАЛДЫ. БҰЛ ОЙЫН АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН БОЛАТЫН.

Финалда Алматының «Қайраты» мен Рудныйдың «Аят» командалары кездесті. Былтырғы маусымда екі ұжым чемпионатта бірінші және екінші орынды өзара бөліскен.

Кездесуде Алматыдан келген ұжым қарсыласын 4:3 есебімен тізе бүктірді. Сөйтіп Қазақстан Суперкубогының жеті дүркін жеңімпазы атанды.

Айта кетсек, екі команда биыл Чемпиондар лигасының

негізгі кезеңінде сынға түседі.

Алматының «Қайраты» 1-топқа түсті. Онда қазақстандық клуб Испанияның «Мальоркасы», Францияның «Спортинг Парижі» және Бельгияның «Андерлехт» командаларымен шеберлік байқасады.

Рудныйдың «Аят» клубы 2-топта Португалияның «Спортинг», Хорватияның «Ново Време» және «Пула» командаларымен сынға түседі.



Негізгі кезең матчтары 25-30 қазан аралығында өтеді. Элиталық кезеңге әр топтан үздік үш команда қатысады. Элиталық кезең кездесулері 22-27 қарашаға жоспарланған.

«Қайрат» – «Аят» – 4:3

Голдар: Леандриньо, 10 (0:1); Леандриньо, 16 (0:2); Тұрсағұлов, 22 (1:2); Ақбалықов, 22 (2:2); Есенманов, 23 (3:2); Ақбалықов, 33 (4:2); Рындин, 37 (4:3).

«Қайрат» (Алматы): Деннис, Игита (к), Серіков – Дуғлас, Оразов, Тұрсағұлов, Вилела, Есенманов, Нұрғожин, Диего, Ақбалықов, Санц, Эдсон.

«Аят» (Рудный): Лео, Өмірзақов – Лопатюк (к), Валиуллин, Т.Балтабаев, Абдуманулы, Леандерсон, Леандриньо, Черненко, Марахов, Төрегазин, Ауэзов, Рындин.

Төрешілер: Салимов, Тұрсымбаев

АЛАШ БАЛАСЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

ОСЫНДАЙ СҮЙІНШІ ХАБАРДЫ ШИРЕК ҒАСЫР КҮТІП КЕЛЕМІЗ

← 1

Арада бір жыл өткенде Нұрислам Санаев Будапештте финалда Заур Угүевке есе жібергені бар. Тіпті осыдан 3 жыл бұрын елордада өткен әлем чемпионатында да финалға бір емес, екі қазақ баласы шығып, күміспен шектелді. Нұрқожа Қайпанов пен Дәулет Ниязбековтер өз салмақтарында Ресейдің балуандарынан айласын асыра алмады.

Қыздардан да алтын жоқ. Былтыр Жәмиля Бакбергенова үмітімізді оятып, Ослода алтынға таласқан. Өкінішке қарай, финалдық белдесуде Жапония балуаны біздің қызды әбден зерттепті. Алты минут бойы жапон қызы тек қорғанумен жүрді. Әдетте жапониялықтар қарсыластарын атойлап жүріп ұтатын. Жәмилямен ашық айқасқа барса, жаза басытынын бапкерлері де, балуанның өзі де сезді. Жәмиля ә дегенде әдіс жасауға талпынған еді. Бірақ онысынан ештеңе шықпады. Керісінше, үш ұпайды қарсыласына беріп қойды. Жапон қызы Жәмиляның әрбір қимылын аңдып, қарымтасын қайтаруға дайын тұрды. Жәмиля да жасқанды ма, әйтеуір, тәуекелге бара алмады.

Қазақстанның күрес тарихында бұған дейін төрт әйел спортшы әлем чемпионатының финалында күрескен. Олар: Елена Шалыгина (2008 жылы, 63 келі), Жұлдыз Ешімова (2010, 48 келі), Елена Шалыгина (2012 жылы, 67 келі), Гюзель Манурова (2012 жылы, 72 келі). Барлығы да шешуші кезеңде жеңіліс тауып, күміс жүлде алған. Жәмиля Қазақстан қоржынына әлем чемпионатынан бесінші күміс медальді салды. Алайда жоғарыда аттары аталған төрт балуанның барлығы сырттан келген легионерлер екенін ескерсек, Ж.Бакбергенова әлем чемпионатының финалында күрескен тұңғыш жергілікті спортшы.

Қазіргі кезде Жәмиля 72 келі салмақта әлемдік рейтингте көш бастап тұр.

Айтпақшы, Белградтағы әлем чемпионатына қатысатын спортшылар арасында ерлі-зайыпты Нұрғожа мен Марина бар. Нұрғожа Қайпанов еркін күрестен бақ сынаса, оның жұбайы Марина Седнева әйелдер күресінде жүлдеге таласады.

Сондай-ақ 36 жастағы Елена Шалыгина да Қазақстан намысын қорғайды. Араға он жыл салып кілемге қайта оралған Бейжің Олимпиадасының жүлдегері үшін әлем чемпионы маусымдағы төртінші жарысы болмақ. Әйелдер күресінен егіз балуандар Мадина мен Жәмиля Бакбергеновалар да өз шеберліктерін ортаға салады.

Дүбірлі жарыс қарсаңында Біріккен күрес әлемінің (UWW) рейтингісіне үңілсек, грек-рим күресінде ТОП-10 балуанның қатарына Қазақстанның екі өкілі ғана еніп отыр. Олар – Қорлан Жақанша мен Алматы Кебісбаев. 55 келі салмақта сайысқа түсіп жүрген 30 жастағы Жақанша 2019 жылы Нұр-Сұлтандағы әлем чемпионатында

финалға дейін жетіп, жанкүйерлердің назарын өзіне аударған болатын. Одан бөлек, ол Азия біріншілігінде үш рет үшінші орынға табан тіреді. Қорлан қазіргі кезде жетінші сатыға жайғасты. 67 келі салмақта үздік ондықты түйіндеп тұрған 34 жастағы Алматы Кебісбаев жайында ұзақ әңгімелеуге болады. Ол – әлем чемпионатының бес және Азия ойындарының екі дүркін жүлдегері, Азия біріншілігінің финалында бес мәрте белдесіп, екі алтын мен үш күміс медаль олжалады. Бірақ Белградқа баратындардың тізімінде екеуі де жоқ. Себебі бұл жолы ұлттық құрама бапкерлері аса жеңіл салмақта Аманғали Бекболатовты боз кілемге шығаруды жөн көрген екен. Ал Алматы болса, былтыр үлкен спорттан

Абуладзе (63 келі) мен Якоб Каджая (130 келі) UWW рейтингінде алдарына жан салар емес. Сондай-ақ жапониялық Кен Матсуй (55 келі), молдовалық Виктор Чобану (60 келі), литвалық Кристияс Шлейва (72 келі) және сербиялық Зураби Датунашвили (87 келі) сынды дүлдүлдер өз салмақтарында дара тұр.

Әлемдік рейтингте ТОП-10-дыққа мына елдердің грек-рим күресі шеберлері еніп отыр: Өзбекбайжан – 10, Ресей – 9, Түркия – 8, Иран – 7, Грузия, Германия, Мажарстан – 5, Жапония, Армения, Молдова, Польша – 4, Қырғызстан, Украина, Литва, Норвегия – 3, Қазақстан, АҚШ, Куба, Финляндия, Сербия – 2, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Мысыр, Швеция,

кеткен абзал. Мықтылардың алдыңғы легінде Иранның екі балуаны бар. Рио Олимпиадасында алтын, Токиода күміс алып, әлемнің үш дүркін чемпионы атанған Хассан Яздани (86 келі) мен әлем чемпионы Камран Гасемпурге (92 келі) бүгінгі таңда тең келер ешкім жоқ. Өзге салмақ дәрежелерінде ресейлік Абасгаджи Магомедов (61 келі), моңғолиялық Тулга Тумыр Очир (65 келі), қырғызстандық Ернарз Ахматалиев (70 келі) және грузиялық Гено Петриашвили (125 келі) сынды саңлақтар дара тұр.

ТОП-10 еркін күрес шеберлері арасында мына мемлекеттердің марқасқалары бар: Ресей – 11, АҚШ – 10, Иран – 9, Түркия – 7, Қазақстан, Өзер-

Медетқызы екінші орынды иеленуде. Бұл алақандай ғана қырғыз елі үшін керемет жетістік екені сөзсіз.

Қазақ қыздары арасында үздіктер тізімінен жалғыз ғана Жәмиля Бакбергенованы кезіктірдік. Десек те Алаштың аруы қалың топтың арасында емес, 72 келі салмақта күресетін бұрынғылардың көш басында. Тіпті атағы алысқа жайылған түркиялық Бусе Тосун, германиялық Анна Шелл, жапониялық Масако Фуруити, француздық Ванесса Вескан, моңғолиялық Даваанасан Енх-Амар, үндістандық Дивия Кагран сынды балуандардың өздері Бакбергенованың артынан сығалап қалды. Мықтылар көшін бастап тұрған Жәмиляға біз алдағы жарыста да жарқын жеңіс тілейміз. Сондай-ақ моңғолиялық Болотуя Бат-Очир (53 келі), германиялық Нина Неммер (55 келі) және үндістандық Сарита Сарита (59 келі) төрткүл дүниенің тендессізі деп танылуда.

ТОП-10 балуандардың тізіміне енгендердің саны жағынан Жапонияның алда тұрғанын жоғарыда айттық. Одан кейінгі орындарға мына командалар жайғасты: АҚШ – 10, Моңғолия – 8, Болгария, Украина – 6, Ресей, Үндістан – 5, Канада, Беларусь, Германия – 4, Румыния, Қытай, Молдова, Швеция, Польша, Түркия, Қырғызстан – 3, Бразилия, Өзбекбайжан – 2, Эквадор, Мексика, Тунис, Нигерия, Чехия, Қазақстан, Франция, Мысыр және Эстония – 1.

Еркін күрестен Қазақстан құрамасы:

57 келі: Рахат Қалжан
61 келі: Асыл Айтқын
65 келі: Әділ Оспанов
70 келі: Талғат Сырбаз
74 келі: Нұрқожа Қайпанов
79 келі: Болат Сақаев
86 келі: Азамат Дәулетбеков
92 келі: Әділет Дауленбаев
97 келі: Мамед Ибрагимов
125 келі: Әлішер Ерғали

Грек-рим күресінен Қазақстан құрамасы:

55 келі: Аманғали Бекболатов
60 келі: Айдос Сұлтанғали
63 келі: Ғалым Қабдунасаров
67 келі: Дінмұхамед Қошқар
72 келі: Ибрагим Магомадов
77 келі: Тамерлан Шадукаев
82 келі: Диас Қален
87 келі: Нұрсұлтан Тұрсынов
97 келі: Олжас Сырлыбай, Ерұлан Ысқаков
130 келі: Әлімхан Сыздықов, Антон Савенко
Әйелдер күресінен Қазақстан құрамасы:
50 келі: Светлана Анкичева
53 келі: Жұлдыз Ешімова
55 келі: Марина Седнева
57 келі: Эмма Тисина
59 келі: Диана Каюмова
62 келі: Аяулым Қасымова
65 келі: Елена Шалыгина
68 келі: Мадина Бакбергенова
72 келі: Жәмиля Бакбергенова.



қол үзіп, бұл күндері еліміздің жасөспірімдер құрамасын жаттықтыруда. Міне, үздіктер тізімінен Қазақстанның осы екі «классигінің» ғана есімдерін кезіктірдік. Әрине, бұл қуанатындай жағдай емес.

Қазіргі кезде Өзбекбайжан балуандарының қарқыны өте күшті. Қап тауы бөктерінде орналасқан бұл мемлекеттің 10 балуаны үздіктер санатында. Солардың екеуі әлемдік рейтингте көш бастап тұр. Олар – Санан Сүлейманов (77 келі) мен Рафиг Гусейнов (82 келі). Алғашқысының әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Еуропа чемпионы деген атағы бар. Екіншісі – Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионы және Еуропа біріншілігінің үш дүркін жеңімпазы. Парсы елі пехлевалдары Мохаммадреза Гераеи (67 келі) мен Мохаммадхадид Саравиге (87 келі) де тең келер ешкім жоқ. Гераеи соңғы үш жылдағы байрақты бескелердің барлығында жеңіс тойын тойлады. Ол Олимпиада, әлем және Азия чемпионы атанды. Сарави Токиодағы ойындарда қола алса, әлем және Азия біріншіліктерінде қарсылас шак келтірмеді. Грузия құрамасының да қос қыраны – Лери

Эстония, Беларусь, Дания, Алжир, Болгария, Италия және Чили – 1.

Еркін күрестегі жағдайымыз «классиктерге» қарағанда біршама жақсы. Қазіргі кезде Қазақстанның алты бірдей өрені үздік ондықтың қатарында. Олар – Нұрислам Санаев (57 келі) – 6-орын, Азамат Дәулетбеков (86 келі) пен Олег Болтин (125 келі) – 7-орын, Талғат Сырбаз (70 келі) – 8-орын, Юсуп Батырмұрзаев (125 келі) – 9-орын және Әділет Даулыбаев (92 келі) – 10-орын.

Күрестің бұл түрінде АҚШ-тың алдына ешкім түсе алар емес. Бұл елдің 10 балуаны ТОП-10-дыққа кіргені былай тұрсын, солардың төртеуі әлемдік рейтингте көш бастап тұр. Олар – Олимпиаданың қола жүлдегері, әлем чемпионы Томас Гильман (57 келі), Олимпиаданың қола жүлдегері, әлемнің үш дүркін чемпионы Кайл Дэйк (74 келі), Олимпиада чемпионы, әлем біріншілігінің бес дүркін жеңімпазы Джордан Барроуз (79 келі), Олимпиада чемпионы және финалисі, әлемнің екі дүркін чемпионы Кайл Снайдер (97 келі). Сонымен қатар олардың әрқайсы Панамерика ойындары мен біріншілігінде сан мәрте топ жарғанын да айта

байжан – 6, Үндістан, Грузия – 5, Беларусь, Моңғолия – 4, Армения, Жапония, Қырғызстан – 3, Германия, Македония, Словакия, Мысыр, Италия, Украина – 2, Болгария, Бруней, Пуэрто-Рико, Мажарстан, Польша, Молдова, Өзбекстан, Грекия, Камерун, Франция, Канада және Куба – 1.

Әйелдер күресінен Жапония құрама командасының 14 мүшесі үздік ондықтың тізіміне енгенімен, олардың біреуіне де көш бастау бақыты бұйырмады. Бұл ретте АҚШ-тың асығы алшысынан түсіп тұр. Бүгінгі таңда америкалық балуандардың төртеуі топ жаруда. Олар – Сара Хиллдебардт (50 келі), Хелен Луиза Марулис (57 келі), Форрест Энн Молилари (65 келі) және Аделайн Мария Грей (76 келі).

Соңғы уақытта Қырғызстанның қыздары керемет нәтиже көрсетіп жүргені барша жұртқа мәлім. Өздерінің өрелі өнері мен орасан зор табыстарының арқасында бұл күндері Айсылу Тыныбекова (62 келі) мен Мейірім Жұманазарова (68 келі) өз салмақ дәрежелері бойынша UWW рейтингінде жеке-дара көш бастап келеді. Ал аса ауыр салмақта сайысқа түсіп жүрген Айпері

СПОРТТА ЖЕРЛЕСТІК, ТУҒАН-ТУЫС, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ШЕШУ ДЕГЕНДІ ҚОЯТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ



Амалбек ТШАНОВ:

БАЛАНЫ СПОРТҚА БАУЛУ, СПОРТШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ, ОЛИМПИАДАДАҒЫ ТӨМЕН НӘТИЖЕ МЕН СПОРТШЫЛАРДЫ ЖАРЫСҚА ТАМЫР-ТАНЫСТЫҚ АРҚЫЛЫ АПАРУ. БҮГІН БІЗ ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ҚАРАШАҒЫРАҒЫ САНАЛАТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПОРТ КОЛЛЕДЖІНІҢ ДИРЕКТОРЫ АМАЛБЕК ТШАНОВПЕН ОСЫ МӘСЕЛЕНІ ЖӨНІНДЕ Әңгімелестік.

– Амалбек аға, сіздер балаларды қандай қасиеттеріне қарап спортқа бейімділігін байқап, қабылдайсыздар?

– 100 пайыз баға беру қиын. Себебі адамның физиологиясының даму процесі жас кезде бір бөлек болуы мүмкін, ал өсе келе өзгереді. Боксқа 7 сыныптан бастап қабылдаймыз, сонда белсенді, ширақ болып жүрген балалар уақыт өте келе бәсеңсіп қалады, кейде, керісінше, тасада жүрген, әлжуаз көрінген бала топты жарып шығуы мүмкін. Біз баланың бойында жігер бар ма, жоқ па, соған мән береміз. Спорт деген ең алдымен жәйгерді талап етеді. Сәл ауырғанға майысып қалса, ол көпке бармайды. Төзімділік керек. Кезінде оты, жүрегінде қайраты бар адам ғана жетістікке жетеді.

Баланың сана-сезімі де жоғары болуы керек. Өкінішке қарай, спорт мектептерін бітірген балалар туралы сыңаржақ пікір көп. Бізге түскен балаға үш бағыт береміз. Ең бірінші – тәртіп. Онсыз спорт жоқ. Екіншісі – білім. Мұны әрбір ата-ана ескеруі керек. Оқыту керек, спорт ұзақ емес, бір күні ол аяқталады. Келген балалардың жартысынан көбі өзге салаға ауысып кетеді. Сонда олар қалай жұмыс істемек?

– Колледжге қабылдаудың қандай тәртібі бар?

– Біз колледжге 9 сыныптан кейін емес, 11 сыныпты бітірген баланы қабылдаймыз. Себебі бұл мамандандырылған оқу орны. Бала өзі таңдаған спортқа кемінде спорт шеберіне үміткер болуы қажет. Спорт шебері атағы бар, ұлттық құрама сапында өнер көрсететін өрендерді емтихансыз қабылдаймыз.

Мектеп-интернатқа қабылдану үшін жасөспірімдер арасында разряды болуы керек. Бір өкініштісі, тәп-тәуір нәтиже көрсетіп жүрген ауыл балаларының біразында қажетті құжаттары жоқ, соны бапкерлері ескермейді. Арасында аты-жөнін қатесіз жаза алмайтындары да бар.

Сол нәтижесі үшін қабылдап, әрі қарай білімін арттыруға атсалысамыз. Сондықтан ата-аналарға өтініп айтарым, балаңыздың біліміне қатты мән беріңіз. Дүниетанымы кең баланың спорттағы жетістіктері де жоғары болады. Мысалы, бокста 3 минут, күресте 6 минут уақыт беріледі. Сол аралықта спортшы қарсыласының кім екенін, оның артық және осал тұстарын анықтап, оған қарсы қандай әдіс-тәсілдер қолдану керектігін шеше білуі тиіс. Яғни ми мен дененің жұмысы өзара тығыз байланысты болуы керек. Үнемі айтамын, Алла Тағала басты ойлау қабілеті жоғары болсын деп иықтан жоғары жаққа орналастырды.

Міне, спортпен қатар білімге мән беруіміздің арқасында 80 баланың ішінен 25 бала ҚазҰУ-ға оқуға түсті.

– Оқу орнының жай-күйіне тоқталсаңыз.

– Біз оқу процесі барысында смартфондар қолдануға қатаң тыйым саламыз. Кейбіреуі бұған қарсылық танытқысы келеді. Қарапайым телефон ұстай берсін, бірақ смартфондарға рұқсат жоқ. Өйткені балалар сағат түнгі 10-нан кейін ұйықтауы керек. Ал қолындағы смартфонға үңілген соң ол түн жарымға дейін жатады да, таңертең тұруға киналады. Сосын сапалы жаттығу қайдан болсын?! Қазір телефон деген күрделі проблемаға айналды ғой. Жексенбі күні телефондарын береміз. Жалпы барлық мектеп осыған ұмтылуы керек.

– Ауыл балаларын мектеп пен колледжге тарту мәселесі қаншалықты жолға қойылған?

– Барлық ауылды қамтимыз деп айта алмаймын. Мектепке 80 бала қабылдасақ, 15 спорт түріне 4-5 баладан ғана келеді. Жаттықтырушыларға «жарыстарда нәтиже көрсетіп жүрген балаларды шақыруға тырысыңыздар» деп айтып жүреміз. Ал спортта жетістікке жету үшін барлық жағдай жасалған.

Жалпы, өтпелі кезеңге сақ болған жөн. Бұл спортшы үшін ең маңызды кезең. Соның бәрін қадағалап, қанатын

қатайтып берген бапкерлер көбінде тасада қалып, спортшының жетістігіне құрама бапкері ғана атсалысқан болып шыға келеді. Міне, осы әлі күнге дейін ескерілмей жүр.

Кезінде Төрегелді Шарманов бастаған Қазақ тағамтану академиясына хат жазып, балалардың тамақтануын жолға қоюға көмектесуін өтіндім. Ол кісілер үш ай бойы егжей-тегжей зерттеді. Жұмысқа келгенімде әр баланың тамағына күніне 800 теңге қарастырылған екен, оған бала не жейді? Зерттеу нәтижесін сол кездегі министр Темірхан Досмұхамедовке апардым. Ол кісі жағдайдың шынымен күрделі екенін түсініп, қаржыны үш есе көбейтті. Бала неғұрлым көп күш жұмаса, соған лайық тамақтануы керек.

– Білім спорттың тасасында қалып қоймауы керек деп жатсыз. Мұны балалар қалай қабылдайды?

– Дұрыс қабылдайды, арасында қиын балалар да бар, бірақ олар өте аз. Біздің қазақ жастары қай салада да талантты. Білікті жаттықтырушылар, үйрететін адам болса болды. Кубаның еңбек сіңірген бапкері, 31 олимпиада чемпионы, 200-ден астам элем чемпионын даярлаған Алсидес Сағара деген бар. Сол кісіні шақырттым, Алматыда 9 айдай жүрді. Біраз дүниені үйретті. Легионер жинағаннан гөрі, мықты бапкерлер шақырып, біздің жаттықтырушыларды сондай кісілердің қасына әкеп байлап қою керек. Қазақ жастары келіп жатқан легионерлерден 10 есе артық. Тек оларға дұрыс бағыт-бағдар беретін мамандар тапшы.

– Жауыр болған тақырып, бірақ өзгеріс жоқ...

– «Көш жүре түзеледі» деген үмітіміз әлі бар. Спорт деген таза болуы керек. Бір елдің дайын өнімін екеу, допинг қолдану, жеңісті ақшаға сатып алу – ұят тірлік.

Ел үшін, елдің намысы үшін деп тәрбиелесек, соған сәйкес нәтиже көрсетсек, үкімет лайықты сый-сияпат та қарастырған.

– Сіздердің оқу орындарыңызда спорттың қай түріне басымдық берілген?

– Жекпе-жек түрлеріне. Бокс, күреске бейімді жастар көп. Шығыс жекпе-жектерінен үйренетін дүниелер

көп. Қарсыласына, төрешілерге иіліп сәлем беретіні, қол алысып қоштасатынының астарында терең мағына жатыр. Боксшылар да шаршы алаңда бір-бірін көгала қойдай етіп сабап, артында құшақтап, бір-бірін құттықтап жатады. Нағыз спорт осы, спорт беретін үлгі-өнеге осындай.

– Олимпиада жайлы сөз қозғамасқа болмас. Алтын неге жоқ деген сауал әлі күнге дейін мазалайтыны рас. Сіздің ойыңызды білсек...

– Қазір анаған-мынаған кінәартқым келмейді. Ол өткен іс-шара. Бізге енді қателіктен дұрыс сабақ алып, сол нәтижені жақсартуға ұмтылу қажет. Олимпиада деген осымен аяқталған жоқ қой, екі жылдан соң Парижде өтеді. Осы орайда бұқаралық спортты дамыту керек деген мәселе тағы туындайды. Қайталап айтамын, мемлекет тарапынан спортқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Оны оңтайлы пайдаланып, дұрыс бағыттау – өте маңызды мәселе. Жолдауда Президент 1000 мектеп салуды тапсырған болатын. КСРО кезеңінде орталық ауылдарда спорт кешендері болатын, шағын ауыл балаларының барлығы сонда шұғылданатын. Қазір де оған шамамыз жетеді. Басқасын былай қойғанда, аудандарда мектепаралық жарыстар өтпейтін болған. Бардан айырылды. Кезінде бізді диплом алған соң өңір-өңір жұмыспен, үймен қамти отырып жіберетін. Қазір де солай істесе, спорттық оқу орындарын бітірген балалардың 25-30 пайызы ауылдарға барып жұмыс істейді деп ойлаймын. Олардың кейбіреуі сонда жүріп үйленеді, бала-шағалы болады да, сонда қалып қоюы мүмкін. Сол арқылы ауылдардағы спорт көтерілуші еді. Мұндай бастамаларға кәсіпкерлер де қол ұшын созар еді деп ойлаймын.

Осы жерде спортты осы саланы шын сүйетін, білетіндердің емес, қалталылардың басқарып отырғанына қыжыласың. Кәсіпкерлер спорттың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген мамандарға қолдау көрсетсін, демеушілік жасасын, бірақ жұмысты жүргізуге араласудың қажеті жоқ. Әркім өз саласымен айналысуы керек қой. Сонда нәтиже де, алтын да болады.

– Бокстағы төмен нәтиже неге байланысты? Былғары қолғап шеберлерінің алтынсыз

оралмайтынына үйренген біз абырап қалдық...

– Айтар болсаң, әңгіме көп. Бірақ бұған қатысты ойымды бүгін қалайын. Менсіз де талай дүние айтылып жатыр ғой. Бірақ жерлестік, туған-туыс, телефон арқылы шешу дегенді қоятын уақыт жетті. Көрсеті көк және қызыл бұрышты ғана көруі қажет. Чемпион құраманың бірінші нөмірлі спортшысы болады. Кім жеңсе, жарысқа сол барсын! Осы жолы да Олимпиадаға екі салмақтан қоңырау арқылы кеткен боксшыларды білемін.

Одан қалды жаттықтырушылар шәкіртінің төбелеске ұмтылып тұрған сәтін жарысқа лайықтап келтіруі керек. Оның физиологиясын, мүмкіндіктерін ескерсін. Психологиялық тұрғыда жүк болмас үшін әлем чемпионатына апармай-ақ та қойсын. Шыны керек, бізде мықты психолог мамандар жоқ. Спортта ең қажетті мамандардың бірі бұл. Жарыс алдында олармен жұмыс жүргізілмейді. Чемпион атанса, 250 мың доллар алады. Бала ондай ақшаны өмірінде көрмеген, ойы соған бөлінуі, ол ақша түсіне кіруі де мүмкін. Жаттықтырушыларға да сыйақы қарастырылған. Осының бәрін ескере келе бірінші кезекке ақшаны қоюға қарсымын.

– Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев «бүгінгі қазақ боксында шеберлік жойылған» дейді...

– Бізге жаттықтырушылар мектебін ашу керек. Қажет болса, шетелде тәжірибе жинап келсін. Үндістанның бағытына таң қалмасқа амал жоқ. Жастар арасындағы чемпионаттың финалында 13 салмақтың бәрінде үндінің қыздары жүрді. Техникалық, тактикалық тұрғыда жасалған жұмыстары керемет, өзім сүйсініп отырдым. Сәрсекбаевтың айтып отырғанының жаны бар. Қазақ боксы қашан да спортшымыздың абыройын көтеріп келген. Бұл үрдісті үзіп алуға болмайды.

«Итін ұры» десе намыстанатын халықпыз ғой. Сондықтан төрткүл дүниенің аламанындағы нәтиже көңілімізді түсіріп тастағаны анық. Сөйте тұра құр намыстанып отыра беру нәтиже бермейді, біз кемшіліктерді жою жолында жұмыс істеуіміз керек.

Жазып алған
Мәдина АСЫЛБЕК

ЕЛОРДАҒА ЭНДИ МАРРЕЙ КЕЛЕДІ

ӘЛЕМНІҢ БҰРЫНҒЫ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ, «ҮЛКЕН ДУЛЫҒА» ТУРНИРИНІҢ ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ, ҰЛЫБРИТАНИЯЛЫҚ ЭНДИ МАРРЕЙ АСТАНА ОРЕН АТР 500 ЖАРЫСЫНА ҚАТЫСАТЫН БОЛДЫ.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткеніндей, Э.Маррей турнир ұйымдастырушыларынан арнайы шақырту алған.

Э.Маррей – үш бірдей «Үлкен дулыға» додасында (Wimbledon-2013, 2016, US Open-2012) үздік шығумен бірге теннис тарихында ерлер арасында жекелей сында екі мәрте Олимпиада чемпионы атанған жалғыз спортшы.

Осылайша, 1-9 қазан аралығында елордадағы «Beeline Arena» ұлттық теннис орталығында өтетін айтулы додада Э.Маррейден басқа «Үлкен дулыға» турнирлерінің чемпиондары: Даниил Медведев (US Open-2021), Марин Чилич (US Open-2014) және Стэн Вавринка (Australian Open-2014, Roland Garros-2015, US Open-2016) бақ сынаиды.



СУРЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА ЖҮЛДЕ АЛҒАНДАРҒА 3,6 МЛРД ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

СУРЛИМПИАДАДА ЖҮЛДЕ АЛҒАН ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ МЕН БАПКЕРЛЕР ҮШІН СЫЙАҚЫҒА 3,6 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ.

Бразилияда өткен XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарынан жүлделі оралған Қазақстан спортшыларына біржолғы төлем беру үшін Үкімет резервінен 3,6 миллиард теңге бөлінуі мүмкін. Мұндай деректер Мәдениет және спорт министрінің «Ашық» НҚА сайтында жарияланған тиісті қаулысында көрсетілген.

«Биыл Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында өткен XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарында жоғары нәтиже көрсеткен спортшылар мен жаттықтырушыларға біржолғы төлемдер беру үшін ҚР Үкіметі резервінен 3 610 586 265 теңге мөлшерінде қаражат бөлінсін.

Қолданылып жатқан шаралар спортшылардың дайындығын жаңа деңгейге көтеруге және халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп жазылған құжатта.

Сонымен қатар қаулыда Сурдлимпиада ойындарының жеңімпаздары және жүлдегерлері мен олардың жаттықтырушыларына

берілетін қаражат сомасы көрсетілген. Оған сай, ең қомақты сыйақы аталған турнирде I орын иеленген жеңіл атлет Фархад Қыстаубаевқа берілуі мүмкін – 110 652 500 теңге.



Кремль кубогы үшінші мәрте Қазақстанда



Суреттерде: Ернар Шымбаев жеңіс тұғырында

ДҮБІРЛІ ЖАРЫСТЫҢ АТАҚ-ДАҢҚЫ СПОРТ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНЕ ЖАҚСЫ ТАНЫС. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДА КРЕМЛЬ КУБОГЫНА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ТҰРАҚТЫ ҚАТЫСА БАСТАДЫ. АТАП АЙТАР БОЛСАҚ, БҰҒАН ДЕЙІН ЕКІ БІРДЕЙ ТАЛАНТТЫ СПОРТШЫМЫЗ КРЕМЛЬ КУБОГЫН ҚАНЖЫҒАСЫНА БАЙЛАП, АЙДЫ АСПАНҒА ШЫҒАРЫПТЫ. ҚАНЫБЕК САҒЫНДЫҚОВ – 2005, АЛ ӘЛИХАН ҚАРАНЕЕВ 2010 ЖЫЛЫ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРІЛДІ. ЕНДІ, МІНЕ, ҮШІНШІ МӘРТЕ КРЕМЛЬ КУБОГЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛДІ.

Жақында ғана Мәскеуде аяқталған Кремль кубогына әлемнің 9 елінен, атап айтқанда, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Украина, Беларусь, Корея, Өзбекстан, Молдова, Армениядан 392 санлақ келді. Бұлардың бәрі өз елінде байғени шаппай алып жүргендер. Дүбірлі дода 3 пән

(біріктірілген пирамида, еркін пирамида, бассейн) бойынша өтті.

Қазақстаннан барған 11 спортшы өз өнерін, шеберлігін ортаға салды. Қазақстан Республикасы ұлттық құрамасының мүшесі, екі дүркін әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт

шебері Ернар Шымбаев бұл жолы да тактикалық шеберлік таныта білді. Ол қарсыластарын басымдықпен жеңе білді. Ақтық сында қырғызстандық Дастан Лепшақовты 5:2 есебімен ұтып, мәртебелі кубокты иеленді. Екі үшінші орынға ресейлік пен қырғызстандық ие болды.

Бильярд спорты елімізде қарышты дамып келеді. Қазақстан Республикасы Бильярд спорты федерациясының өркендеуіне оның президенті Ансары Қаранеев ерекше үлес қосып келеді. Бұл күндері бильярд спорты еліміздің барлық өңірінде дамып, онымен шұғылданатындар қатары күн сайын артып келеді. Мәселен, Өскеменде соңғы

жылдары бірнеше дүбірлі жарыс өтті. ҚР Бильярд спорты федерациясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Серік Ақтановтың бастамасымен Өскеменде Азияның ашық чемпионаты, жақында ғана қоғам қайраткері, жазушы Қабдеш Жұмаділовті еске алуға арналған турнир өтті. Реті келгенде айта кету керек, еліміздің шығысындағы федерацияны да 2008 жылы Ансары Қаранеев ашқан болатын. Ансары Қаранеевтің бастамасымен әр өңірде халықаралық турнирлер өтіп тұрады. Кремль кубогының сыртында әлем, Еуропа біріншіліктерінде жеңіп алған жүлделер де қомақты.

Енді Ернар Шымбаев туралы айта кетейік. Ансары Қаранеевтің пайымдауынша, Ернар сияқты ұлтын сүйетін, патриот азаматтар ел намысын абыроймен қорғай біледі. Ернар Сәбитұлы 2010, 2012 жылдары бильярдтан әлем чемпионы атанды. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, абсолютті жеңімпаз. Қазақстан мен Түрікменстанның құрама командаларын жаттықтырып жүр. Ернардың ізбасарлары алдағы уақытта да Қазақстанның көк туын желбіреге бермек.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі

БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ ДОП ТЕПТІ

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ АТЫНДАҒЫ «ТАРАЗ-АРЕНА» СПОРТ САРАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ОТБАСЫ КҮНІНЕ» АРНАЛҒАН КІШІ ФУТБОЛДАН «БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ ФУТБОЛ ОЙНАЙДЫ» АТТЫ ЖАНҰЯЛЫҚ КОМАНДАЛАР АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.



Еліміздің 33 жанұясы таласқа түскен турнирде жартылай финалға шыққан төрт команда да Түркістан облысынан келгендер отбасылар.

Сонымен, турнирдің бас жүлдесін «Мұхтар ата» командасы (Қазығұрт ауданы) жеңіп алса, күміс жүлде «Базарбаевтарға» бұйырды. Олар топтық кезеңде осы турнирдің 6 дүркін жеңімпазы «Көкеевтерді» ұтқан еді. Ал қола жүлдеден «Досаевтар әулеті» көрінді. Бұл құрам осы турнирді екі рет жеңген болатын. Бұлар да Қазығұрт ауданының тумалары.

Жеңімпаз бен жүлдегерлерге сыйақы да қарастырылған:

- Бірінші орынға – 500 мың тг;
- Екінші орынға – 300 мың тг;
- Үшінші орынға – 200 мың тг.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЕҢ ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

БІЗДІҢ ҚАСЫРЫМЫЗДЫҢ ҮЛКЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАСІРЕТІНІҢ БІРІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ. МҮНДАЙ ДЕРТТІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ОТЫРҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау органы шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын дертті болдырмаудың тегі-ті халықтың өзінде.

Жемқорлық дертімен тек құқық қорғау саласының қызметкерлері емес, сонымен қатар қоғамның әр саласындағы белсенділер де қатарға қосылуы керек. Бір бұзылмайтын ақиқат бар: әділдік болмай ешбір қоғам, мемлекет өрге баспайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз етуі қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі екенін айтқан болатын.

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша жүйелі сипат алуға. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күрес жауапқа тартылудан қорыққан шенеуніктерді дербестік, бастамашылдық және жедел әрекет ету қасиеттерінен айырмауға тиіс, – деген болатын ел Президенті жолдауында.

Әрине, мемлекеттік қызметшілер заңбұзушылықтарға жол бермей, ел игілі үшін тын бастамаларды көтеріп, өзекті мәселелерді шешуде нақты шешімдер қабылдаулары қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. Оны кезінде ғұлама ғалым Аристотель де айтып кеткен. Әлемнің көптеген елдері секілді біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан – бұрынғы Кеңес одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе

жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Елімізде 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданғаны да баршаға мәлім. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз күзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет. Тәуелсіздік алғалы Қазақстанда қаншама заңнамалар қабылданып, сан алуан іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді.

Осыған қарамастан, өкінішке қарай, бұл қауіпті дерт барлық қызмет саласында таралып жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз етуі қажет. Осы ретте «Алматы «Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны да сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында шетте қалмады.

2022-2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын бекітіп, сол жоспар бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Атап айтсақ, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізуін қадағалап отырамыз. Одан бөлек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бекітілді, жеке тұлғалардың өтініштерін заңға сәйкес қарастыру, мемлекеттік сатып алу бойынша процестерді тек электрондық түрде веб-порталы арқылы жүзеге асырамыз. Өз тарапымыздан спорттағы сыбайлас жемқорлықтың таралуына жол бермеу үшін барлық шаралар қолданып жатырмыз. Осындай бірқатар норманы сақтау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Спортта сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ. Алматы «Олимпиадалық даярлау орталығы» ақшалай қаржыны болудегі ашықтыққа, сондай-ақ қазақстандық атлеттерге сатып алынатын тауар, жұмыс және қызмет түрлерінің жоғары сапасына ерекше көңіл бөліп отыр. Ең бастысы, ешқандай жемқорлық түріне жол жоқ!

«Алматы «Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ: I ТУР НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

ОСЫ АПТАДА ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ I ТУР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. ТОПТЫҚ БӘСЕКЕДЕ КҮШ СЫНАСЫП ЖАТҚАН КОМАНДАЛАР ҚАРАША АЙЫНЫҢ 2-ІНЕ ДЕЙІН 1/8 ФИНАЛҒА ШЫҚҚАН МЫҚТЫЛАРДЫ АНЫҚТАЙДЫ. БИЫЛ КАТАРДА ӨТЕТІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТОПТЫҚ САЙЫСТЫҢ ОЙЫНДАРЫН БІР АЙҒА ЕРТЕРЕК АЯҚТАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

I турда ешкім күтпеген нәтижелер тіркелді. Англияның азулы клубтары – «Челси» мен «Ливерпуль» ойламаған жерден қарсыластарына тізе бүкті. «Барселона» сапына биыл ғана қосылған Роберт Левандовский хет-трик жасап көзге түссе, Эрлинг Холанд мен Килиан Мбаппе дубль авторлары атанды. Сонымен қатар, екі бірдей клубтың бас бапкерлері I турдың нәтижелерінен кейін қызметтерінен қуылды.

А ТОБЫ

«Наполи» (Италия) – «Ливерпуль» (Англия) – 4:1 (Зелиньски, 5, 47, Ангисса, 31, Симеоне, 44 – Диас, 49);
«Аякс» (Нидерланд) – «Рейнджерс» (Шотландия) – 4:0 (Альварес, 17, Бергейс, 31, Кудус, 33, Бергвейн, 80);

Юрген Клопп баптайтын ағылшынның «Ливерпуль» командасы биылғы маусымда білгенінен жаңылды. Англия премьер-лигасын алақұла бастаған Клопп шәкірттері I турда итальяндық клубтан оңбай ұтылды. Ойынның қаһарманы – Петр Зелиньски. Ол «Ливерпуль» қақпасына дубль жасады.

«Наполи» Чемпиондар лигасының топтық бәсекесінде «Ливерпуль» қақпасына төрт гол соққан алғашқы команда.

Жалпы «Ливерпульдің» басқасы-басқа дәл осы «Наполиге» «тісі батпай» жүр. 2010 жылы екі команда арасындағы ойын 0:0 есебімен аяқталып еді. Одан кейін 2018 жылы 0:1 есебімен ұтылып қалды. 2020 жылы 0:2 есебімен жеңілді. Бұл жолғы есеп 1:4.

II тур ойындары келесі аптада басталады. «Наполи» сырт алаңда «Рейнджерспен» күш сынасса, «Ливерпуль» «Аяксты» қабылдайды.

«Аякс» футболшылары алғашқы турды жеңіспен бастады. Чемпиондар лигасының топтық бәсекесінде соңғы рет 2010/11 жылғы маусымда ойнаған Шотландияның «Рейнджерс» командасы «Аякесе» еш қарсылық көрсете алмады. Амстердамда өткен ойын 4:0 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді. Ойынның есебін 17-минутта Альварес Эдсон ашты. Осылайша ол мексикалық футболшылардың Чемпиондар лигасында соққан голдарының санын 50-ге жеткізді.

«Аякс» пен «Рейнджерс» еурокубоктық сайыстарда бұған дейін 4 ойын өткізсе, соның барлығында нидерландтықтардың жеңісімен аяқталған.

В ТОБЫ

«Атлетико» (Испания) – «Порту» (Португалия) – 2:1 (Эрмоссо, 90+1, Гризмани, 90+6 – Урибе, 90+4);
«Брюгге» (Бельгия) – «Байер» (Германия) – 1:0 (Силла, 42);

Испанияның «Атлетико» клубы Португалияның «Порту» командасын қабылдап, үш ұпайды ойынның соңғы минутында жұлып әкетті. 90-минут аяқталған тұста есеп ашқан мадридтік футболшылардың қақпасына арада 5

минут өткенде төреші пенальти белгіледі. Оны «Порту» жартылай қорғаушысы Урибе дәл орындап, таразы басын теңестірді. Бірақ, «Атлетико» командасы жанкештілік танытып, соңғы секундта екінші голын соқты. Гол авторы – Антуан Гризмани.

Бұл топтағы екінші жұпта Бельгияның «Брюгге» командасы жеңіске жетіп, үш ұпай олжалады. Бельгиялық команда Германияның «Байер» командасынан айласын асырды.

2-турда «Байер» «Атлетиконы» қабылдайды. «Порту» өз алаңында «Брюггемен» ойнайды.

С ТОБЫ

«Барселона» (Испания) – «Виктория» (Чехия) – 5:1 (Кессье, 13, Левандовский, 34, 45, 67, Торрес, 71 – Сикора, 44);
«Интер» (Италия) – «Бавария» (Германия) – 0:2 (Сане, 25, Д'Амброзио, 67-өз қақпасына);

Кілең мықтылардың арасына түскен Чехияның «Виктория» командасы алғашқы сабағын алды. Каталонияда «Барселона» футболшыларымен жасыл алаңға шыққан чех клубы 1:5 есебімен ойсырай жеңілді. Бұл ойында команда сапына биыл ғана қосылған Роберт Левандовский хет-трик авторы атанды. Левандовский Чемпиондар лигасында үш түрлі командада хет-трик жасаған алғашқы ойыншы. Ол бұған дейін Дортмундтың «Боруссиясы» мен Мюнхеннің «Бавариясында» жүріп, бір ойында үш гол соққан. Жалпы алғанда бұл Левандовскийдің Чемпиондар лигасында жасаған алтыншы хет-тригі.

I-турдың орталық матчтарының бірінен саналған «Интер» мен «Бавария» арасындағы тартыс «неміс мәшинесінің» жеңісімен аяқталды. «Интер» өз алаңында өткен ойында «Бавария» қақпасының кілтін таба алмады.

Мюнхендік команда осымен он тоғызшы мәрте Чемпиондар лигасының алғашқы ойынында жеңілмей келеді.

Келесі аптада жанкүйерлер «Бавария» мен «Барселона» арасындағы текетіреті тамашалайды. Бұл командалар бытырғы Чемпиондар лигасының топтық бәсекесінде ойнап, екі ойында да 3:0 есебімен «Бавария» жеңіске жеткен. Оның алдында «Бавария» футболшылары каталониялық клубты 8:2 есебімен ойсырата жеңгенін де жанкүйерлер ұмыта қойған жоқ.

Д ТОБЫ

«Айнтрахт» (Германия) – «Спортинг» (Португалия) – 0:3 (Эдвардс, 65, Тринкан, 67, Сантуш, 82);
«Тоттенхэм» (Англия) – «Марсель» (Франция) – 2:0 (Ришарлисон, 76, 81);

D тобына түскен командалардың барлығы деңгейлес командалар. Сондықтан өз алаңында өткен ойындарда ұпай алу өте маңызды.



Англияның «Тоттенхэм» бұл мүмкіндікті мүлт жіберген жоқ. Ал, Еуропа лигасының былтырғы жеңімпазы «Айнтрахт» керісінше, өз алаңында ойсырай жеңіліп, бір ұпай алуға да шамалары келмеді.

I-турда жеңіске жеткен қос команда – «Спортинг» пен «Тоттенхэм» келесі аптада Лиссабонда жолығады. Қай жеңгені топ бастайды. Әзірге доп айырмасы бойынша «Тоттенхэм» алда тұр.

Е ТОБЫ

«Динамо» (Хорватия) – «Челси» (Англия) – 0:1 (Оришич, 13);
«Зальцбург» (Австрия) – «Милан» (Италия) – 1:1 (Окафор, 28 – Салемакерс, 40);

Топтың бәсекедегі алғашқы сенсация E тобында тіркелді. Загребтің «Динамо» Англияның мықтысы «Челсиді» 1:0 есебімен жеңіп қана қойған жоқ, артында бас бапкер Томас Тухельді де қызметінен кетірді. Лондондық клубтың басшылары Загребтегі жеңілісті ауыр қабылдады ма, бас бапкерге «сау бол» айтып, Германиясына қоя берді. Енді бапкерлік креслоға кімнің отыратыны алдағы уақытта белгілі болады.

Ойында соғылған жалғыз голды Мислав Оришич өз атына жазды. Оришич ағылшын жанкүйерлерінің түсіне кіретіндей-ақ болды. Хорватиялық жартылай қорғаушы Англия клубтарына қарсы өткізген жеті ойында бес гол соқты. Сонымен қатар, Оришич биылғы Чемпиондар лигасының (топтық ойын) алғашқы

голын соққан футболшы ретінде тарихқа тіркелді. Бытыр маусымның алғашқы голын «Манчестер Юнайтед» шабуылшысы Криштиану Роналду «Янг Бойз» қақпасына соққан еді. Қызығы сол, Роналду да, Оришич те ойынның 13-минутында мергендіктерімен көзге түсті.

E тобындағы екінші жұпта «Зальцбург» пен «Милан» кездесіп, ойын тең аяқталды. Енді 2-турда «Милан» «Динамоны» қабылдайды. «Челси» мен «Зальцбург» Лондонда өзара бақ сынасады.

Ғ ТОБЫ

«Лейпциг» (Германия) – «Шахтер» (Украина) – 1:4 (Симахан, 57 – Швед, 16, 58, Мурич, 76, Траоре, 85);
«Реал» (Испания) – «Селтик» (Шотландия) – 3:0 (Винисиус, 56, Модрич, 60, Азар, 77);

Чемпиондар лигасының қазіргі жеңімпазы Мадридтің «Реалы» «Селтикпен» ойында аса қиналған жоқ. Шотландиялық команданың қақпасына жауапсыз үш доп соқты. Дегенмен осы ойында Карло Анчелоттидің екі бірдей ойыншысы жарақат алып қалды. Бірі қорғаушы Милитао, екіншісі сұрмерген Бензема. Биылғы жылдың «Алтын добынан» басты үміткер француз футболшысы енді екі аптадай алаңға шыға алмайды.

Германияның «Лейпциг» командасының басшылары бас бапкер Доменико Тедесконы отставкаға жіберді. Украинаның «Шахтер» командасын қабылдаған «Лейпциг» 1:4 есебімен оңбай жеңілді.

Г ТОБЫ

«Севилья» (Испания) – «Манчестер Сити» (Англия) – 0:4 (Холанд, 20, 67, Фоден, 58, Диаш, 90);
«Боруссия-Д» (Германия) – «Копенгаген» (Дания) – 3:0 (Роис, 35, Геррейру, 42, Беллинге, 83);

«Манчестер Сити» сапына жаңадан қосылған Эрлинг Холандты дәл қазір тоқтату мүмкін болмай тұр. Ағылшын премьер-лигасында топырлатып гол соғып жүрген норвегиялық жас пері нағыз сұрмергеннің өзі болып тұр. «Севильямен» болған ойында Холанд дубль жасады. Оның қазір Чемпиондар лигасында соққан голдарының саны 25-ке жетті. Ол бұл жеңіні 20 ойында орындап, рекорд жаңартты. Бұған дейін 25 голдық жеңіні ең жылдам орындаған Рууд ван Нистелрой еді. Ол 25 голды 30 ойында соқты.

Н ТОБЫ

«Бенфика» (Португалия) – «Маккаби-Хайфа» (Израиль) – 2:0 (Сильва, 50, Гримальдо, 54);
ПСЖ (Франция) – «Ювентус» (Италия) – 2:1 (Мбаппе, 5, 22 – Маккенни, 53);

Францияның ПСЖ командасы Чемпиондар лигасының бас жүлдесінен жыл сайын басты үміткер. Топтық сайыста қамшы салдырмайтын париждік команданың биылғы қарқыны тіптен керемет.

Туриннің «Ювентусын» қабылдаған француз клубы ойынның 5-минутында Килиан Мбаппе жылдам есеп ашқан соң, итальяндық клубтың ойынан мән кетті. Қорғаушылары алаң иелерінің сансыз шабуылынан сасқалақтап, 22-минутта Мбаппеден тағы да көз жазып қалды – 2:0.

Екінші таймда қонақтар есеп айырмасын қысқартқанымен алаң иелері жеңіс есебін ұстап қалды.

«Ювентус» қақпасына дубль жасаған Килиан Мбаппе Чемпиондар лигасында соққан голдарының санын 35-ке жеткізді. Оның жасы қазір 23-те (260 күн). Лига тарихындағы сұрмерген Криштиану Роналду 35-ші голын тек 27 жасында соққанын ескерсек, француз футболшысы бұл түрімен біраз рекордтарды жаңартатын түрі бар.

Едіге ОРАЗ





Аскар ОМАРКУЛОВ:

ЗА СЧЁТ ЧЕГО СОХРАНИЛОСЬ ОБЩЕСТВО «ДИНАМО»

НА АЛМАТИНСКОМ СТАДИОНЕ «ДИНАМО» СОСТОЯЛИСЬ
ФУТБОЛЬНЫЕ БАТАЛИИ МЕЖДУ ЖУРНАЛИСТАМИ И
ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ СИЛОВЫХ СТРУКТУР.



Этому мероприятию предшествовала пресс-конференция, организованная пресс-службой физкультурно-спортивного общества. На вопросы журналистов ответил первый заместитель председателя общественного объединения ФСО «Динамо» Аскар Омаркулов и меценат спорта Абдулхалил Долкунтай.

– Для начала, – сказал Омаркулов, хочу отметить, что наше общество «Динамо», которому через три года исполнится 100 лет, знают и уважают многие. Оно пережило много событий. В том числе и распад СССР. В тот исторический момент ушли в забвение такие спортивные общества, как «Кайрат», «Буревестник», «Енбек», «Локомотив» и другие. Выжили два коллектива – ЦСКА, находящийся на государственном бюджете и наше общество, которое с первых дней своего существования – на полном хозрасчете.

– **И за счет чего выжило «Динамо»?**

– В советский период мы имели свою материальную базу, которая позволяла жить и развиваться. Это две ткацкие фабрики – в Караганде и Петропавловске. Они обеспечивали спортивными изделиями не только нашу республику, но и всю Центральную Азию. Но пришел период перестройки, и нам пришлось их закрыть. Но до сих пор мы зарабатываем сами. В основном за счет сдачи спортивных объектов в аренду. Если раньше их было 47, то теперь в наличии только четыре. В некоторых филиалах наши объекты перешли в государственную собственность. Но главная задача – физическая подготовка личного состава МВД, даже в отсутствие специального отдела, который был при СССР, продолжает действовать. Это наша первоочередная задача. Вторая развивать профессиональный спорт. Сегодня в штате МВД

находятся более ста атлетов, которые выступают в различных сборных командах Казахстана. Чтобы не быть голословным приведу такой пример. 80 процентов медалей, завоеванных в период независимости на олимпийских играх, приходится на спортсменов-динамовцев. Некоторые атлеты не мыслят себя вне ведомства и изъявили желание остаться работать в органах. У нас такие прецеденты уже были в истории. Достаточно вспомнить конькобежцев Козлова и Прокашеву, легкоатлетку Шишигину и других. И третья задача – развитие массового спорта. После некоторого спада вначале суверенитета, наблюдается резкий всплеск вовлеченности населения в спортивную жизнь. В этом, скорее всего роль сыграла целенаправленная политика государства, объявленная Президентом нашей страны К.Токаевым. Сегодня в динамовских рядах насчитывается более ста тысяч человек. Выросло и количество детей занимающихся в нашем обществе – более 6 000. Они занимаются в 187 секциях, 117 из них функционируют бесплатно.

– **И все-таки, как удалось сохранить общество в период хаоса в стране в начале 90-х?**

– Не секрет у нас отобрали объекты. В Алматы, к примеру, бассейн на Шалапина, лыжную базу. Хотели отобрать даже стадион и построить на этом месте многоэтажный дом. Только наша принципиальность, знание законов об общественных объединениях, не позволили отдельным чиновникам воплотить свои замыслы. Все делается не во благо государства, в угоду личным интересам. Захваты наших объектов «всесильными» людьми были и в других регионах страны. Некоторые из них нам удалось через суд вернуть. Но вот опять идет шум в Шымкенте. Я полагаюсь на здравомыслие чиновников этого региона. Если нет, будем

“ДИНАМО” АЛМА-АТА, 1951 Г.



«В советский период мы имели свою материальную базу, которая позволяла жить и развиваться. Это две ткацкие фабрики – в Караганде и Петропавловске. Они обеспечивали спортивными изделиями не только нашу республику, но и всю Центральную Азию» – вспоминает Аскар Омаркулов.

опять поднимать общественность. – **Неужели государство не принимает никакого участия в развитии динамовского движения?**

– Наша деятельность выпала из поля зрения государства. Нас нет даже в государственных социальных программах. Это не позволяет нам охватить еще большее количество детей

и подростков для занятий спортом. Особенно из числа социально-уязвимых слоев населения. Госпрограмма позволит обществу действовать более активно в этом направлении. Это к тому же и защита от произвола местных властных структур, которым не

Несмотря ни на какие препоны, наша задача выполнять свою миссию и двигаться вперед. Ведь «Динамо» – это сила в движении.

– **Почему вы помогаете ФСО «Динамо»? – этот вопрос был задан Абдулхалилу Долкунтаю.**

– В «Динамо» сохранилась искренняя забота о людях. Это я почувствовал при первой своей встрече с руководством этого общественного объединения. Здесь обсуждаются актуальные вопросы, которые могут принести пользу людям. Проекты по расширению инфраструктуры, создание новых детских секций. У нас у каждого есть дети, и мы все переживаем за их здоровье. Это и заставляет меня оказывать помощь этому спортивному обществу. Помогая спорту, я строю будущее не только своих детей, но и незнакомых мне личностей. Я за здоровое, полноценное будущее своей страны.

Нам остается добавить, что после пресс-конференции на стадион вышли четыре команды: ТВ «Казахстан», «Динамо», ДВД и «Спорт-Пресс» и разыграли переходящий Кубок общества. Победу одержала команда ДВД. На втором месте журналисты сайта «Спорт-Пресс», на третьем футболисты казахского телевидения. Все они получили медали и памятные подарки.

Записал
Абай ИЛЬЯСОВ



и подростков для занятий спортом. Особенно из числа социально-уязвимых слоев населения. Госпрограмма позволит обществу действовать более активно в этом направлении. Это к тому же и защита от произвола местных властных структур, которым не

Вы, наверное, слышали о таком виде оплаты, как по душевое финансирование. И здесь нас обошли. Хотя у нас есть в 15 регионах страны свои филиалы, которые имеют в наличии материальную базу. Обеспечены они и квалифицированными тренерами.



ФИФА ГОТОВА ПОДДЕРЖАТЬ КФФ В РАЗВИТИИ ФУТБОЛА В КАЗАХСТАНЕ

В ЕВРОПЕЙСКОМ ОФИСЕ ФИФА В Г. ПАРИЖ (ФРАНЦИЯ) ПРОШЛА РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА МЕЖДУ ПРЕЗИДЕНТАМИ ФИФА ДЖАННИ ИНФАНТИНО И КФФ АДЛЕТОМ БАРМЕНКУЛОВЫМ.

В рамках встречи казахстанской делегацией был представлен проект по развитию массового футбола в Казахстане, включающий вопросы популяризации, системы подготовки и соревнований, а также улучшения футбольной инфраструктуры.

Президент Джанни Инфантино отметил готовность оказать всестороннюю поддержку Казахстанской федерации футбола в реализации представленных проектов, включая помощь в организации

образовательного процесса для казахстанских футбольных специалистов с привлечением технической команды ФИФА.

Кроме того, стороны обсудили развитие ФИФА на территории Казахстана для проведения мероприятий ФИФА в сотрудничестве с КФФ, а также для улучшения взаимодействия между футбольными ассоциациями Центральной Азии. В этих целях глава ФИФА готов приехать в Казахстан для дальнейшего обсуждения данного вопроса.

«Сегодня состоялась важная для нас встреча с главой ФИФА. В повестку встречи вошли 2 ключевых вопроса: это проекты по развитию массового и детско-юношеского футбола. Наша цель сделать массовый футбол доступным каждому казахстанцу, увеличить количество футболистов-любителей, систематически занимающихся футболом и обеспечить условия для развития футбола в стране. Мы благодарим Джанни Инфантино за поддержку наших инициатив и оценку перспективности предложенных проектов», – отметил Президент КФФ Адлет Барменкулов.



ГОЛОВКИН ВЫСКАЗАЛСЯ О БОЕ С КАНЕЛО

КАЗАХСТАНСКИЙ БОКСЕР ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН ПОДЕЛИЛСЯ СВОИМ МНЕНИЕМ ОТНОСИТЕЛЬНО ТРЕТЬЕГО БОЯ ПРОТИВ МЕКСИКАНЦА САУЛЯ «КАНЕЛО» АЛЬВАРЕСА, С КОТОРЫМ В ТРЕТИЙ РАЗ ВСТРЕТИТСЯ В ЛАС-ВЕГАСЕ 17 СЕНТЯБРЯ.

«У меня есть план и стратегия на бой. Поединок состоит из двух боксеров. Посмотрим, что в первую очередь предложит Канело. Я готов к любому раскладу. Если он захочет побоксовать на ближней дистанции, это будет на ближней дистанции, если захочет на дальней дистанции, это будет на дальней. Уверен, что этот бой сделают два спортсмена. Посмотрим, кто будет лучше выглядеть в этом бою в разных компонентах», – сказал Головкин в подкасте The Fight with Teddy Atlas.

Также GGG сравнил работу под руководством нынешнего тренера Джонатона Бэнкса и предыдущего тренера Абея Санчеса. Как известно, в апреле 2019 года Головкин ушел от Санчеса после девяти лет

сотрудничества, выбрав Бэнкса в качестве своего нового наставника.

«Неправильно будет сравнивать те два боя с третьим, потому что время разное. Не хочу принижать достоинства двух моих тренеров, по мне, они очень хорошие специалисты. Просто есть детали в подготовке. Суть не в стратегии и не в том, как они поведут себя во время боя. Вся суть в деталях во время подготовки к бою, когда три месяца тренируешься, а именно – как подходишь к тренировочному процессу и что входит в этот тренировочный процесс. Я считаю, что Джонатон немножко больше добавляет в бокс, он бокс эволюционирует, это работа с тренером по физподготовке, это диетологи, это разные эксперименты.



В этом вся суть», – добавил боксер.

У Головкина поинтересовались, было ли что-то в бою Канело и Бивола, что бы ему помогло в предстоящей трилогии с мексиканцем.

«Я весь бой так и не пересмотрел. Да, были лучшие моменты,

нарезки. Прямо детально не разбирал. Почему? Смысла даже нет его смотреть. Единственное, что мне не понравилось, это как выглядел Канело. Не то, как выглядел Бивол. Я, безусловно, не хочу принижать его достоинства, его победу. Заслуженная победа,

безусловно. Как выглядел Канело, что он делал и что не делал. То есть это не его лучшая форма была. Я уверен, что в нашем бою этого не будет. Если же мы опять говорим о судьях, тот счет, который показывают судьи (115-113), я считаю, это несправедливо. Опять же, какие факторы там играют? Не могли поверить, что Канело может проиграть?.. Сам бой показал, что Канело – простой спортсмен, и нет такого, что он непобедимый. Я надеюсь, что судьи более разумно будут смотреть на наш бой и более адекватно судить его», – отметил он.


Между тем, президент Всемирного боксерского совета (WBC) Маурисио Сулейман рассказал о реакции Канело на появление специального пояса в трилогии с Геннадием Головкиным.

«Он был взволнован, когда увидел фотографии, ведь это дополнительная мотивация для него, я уверен, что это будет отличный бой, и пусть победит лучший боксер. – цитирует Сулеймана Марса. – Я разговаривал с Саулем пару дней назад, и он был очень взволнован, а когда я ему прислал несколько фотографий, то они ему очень понравились.

Он очень гордится тем, что представляет Мексику, и он очень рад возможности выиграть этот пояс, ведь это произведение искусства».

Позже президент WBC добавил: этот специальный пояс будет вручен победителю эпической третьей встречи #CaneloGGG. Мы с нетерпением ждем этого потрясающего матча».

Третий бой Головкина и Канело пройдет 17 сентября в лимите второго среднего веса. Встреча состоится на T-Mobile Arena в Лас-Вегасе (штат Невада, США), которая принимала их предыдущие два поединка. Первый решением судей выиграл мексиканец.



ПОСЛАНИЕ ДЛЯ ФАЛЬКАО

КАЗАХСТАНСКИЙ БОКСЕР ЖАНИБЕК АЛИМХАНУЛЫ (12-0, 8 КО) ОТВЕТИЛ НА ОСКОРБЛЕНИЕ СО СТОРОНЫ БРАЗИЛЬСКОГО ПРЕТЕНДЕНТА ЭСКИВЫ ФАЛЬКАО (30-0, 20 КО), СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ. ЮЖНОАМЕРИКАНЕЦ НАЗВАЛ ЕГО СЛАБАКОМ И ОБВИНИЛ В БОЯЗНИ ПОТЕРЯТЬ ПОЯС.



«Тебе придется сражаться больше, чем твой простой бокс. Ты не знаешь, как с этим справиться. У меня гораздо больше таланта, чем у тебя. @qazaqstyle Ты слабак и боишься потерять этот пояс», – написал бразилец.

Ответ Алимханулы не заставил себя долго ждать. «Сначала поговори со своей командой. Если ты готов, знай, я всегда готов отправить тебя в нокаут! У меня есть просьба, не отказывайся драться со мной!» – написал казахстанец.

Боксеры сталкивались раньше: бразилец бросил вызов, а казахстанец пригрозил инвалидность в ответ.

Напомним, что Алимханулы без боя стал полноправным чемпионом WBO в среднем весе, после того как прежний обладатель титула американец Деметриус Андраде (31-0, 19 КО) перешел во второй средний вес, поскольку поединок против Жанибека его совершенно не интересовал.

ШАХ И МАТ

С 17 ПО 30 СЕНТЯБРЯ В СТОЛИЦЕ ПРОЙДЕТ ПЕРВЫЙ ЭТАП ЖЕНСКОГО ГРАН-ПРИ ФИДЕ (WGP).




По сообщению Казахстанской федерации шахмат, турнир соберет 12 сильнейших шахматисток мира в Нур-Султане.

Казахстан на правах организатора турнира Women Grand Prix-2022 может выставить номинанта в качестве игрока. В этой серии этапа WGP честь страны будет защищать шахматистка Бибисара АСАУБАЕВА.

Также, согласно официальному регламенту турнира и международному рейтингу, в список участниц вошла лидер женской сборной РК по шахматам Жансая АБДУМАЛИК.

По итогам турнира набравшие наибольшее количество очков в серии WGP получают право на участие в женском турнире претенденток ФИДЕ.



Юрген КЛОПП:

ФУТБОЛҒА ҚАУІП ТӨНІП ТҰР

ФУТБОЛДАҒЫ ЕҢ ЕРЕКШЕ, ЕҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ БАПКЕРЛЕРДІҢ БІРІ ЮРГЕН КЛОППТЫҢ «ЛИВЕРПУЛЬМЕН» ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАНЫНА ҚАЗАНДА ЖЕТІ ЖЫЛ БОЛАДЫ. НЕМІС МАМАНЫ «ҚЫЗЫЛДАРМЕН» БІРАЗ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТТІ. СОНДЫҚТАН БОЛАР КЛУБ КЕЛІСІМШАРТТЫ 2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН СОЗДЫ. КЛОПП THE INDEPENDENT-КЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА ЛИВЕРПУЛЬДЕ НЕГЕ ҚАЛҒАНЫН, ФУТБОЛҒА ДЕГЕН МАХАББАТ ЖӘНЕ МИЛЛИОНДАР ОЙЫНЫНА ТӨНІП ТҰРҒАН ҚАУІП ПЕН ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫН БӨЛІСТІ.

– Ливерпульде сізге не көбірек ұнайды?

– Бәрі әйелім Улладан басталды. Өмірімдегі басты келісімшарт сонымен жасалған. Бірде асүйде отырғанда жұбайым 2024 жылы бұл жақтан кететінімізді елестетудің өзі қиын екенін айтты. Осы жылдар аралығында бұл қаламен бізді байланыстыратын адамдар қатары көбейді.

Әйеліммен әңгімеден соң ойланyp қалдым. Одан қалды Пеп Лейндерспен де ақылдасу керек болды. Біздің штабтың нағыз қозғалтқышы екенін өздеріңіз де білесіздер. Бізді байланыстыратын футбол ғана емес. Пеп келіскен соң ұзарту туралы келіссөздер бастауға болатынын түсіндім.

– Қазанда сіздің келгеніңізге жеті жыл толады екен. Өткен шаққа қандай баға берер едіңіз?

– Ойындар мен тығыз кестеге байланысты артық ештеңе ойлануға уақыт та жоқ. Оған аса қайғырмаймын да, себебі бәрі аяқталған соң-ақ жүріп өткен жолымды ой таразысынан өткізіп үлгерермін. Егер бәрі жақсы болмаса, бүгін осы жерде отырмаушы едік. Қаншалықты жақсы адам болсам да, жеңіссіз жұмысты жалғастыра алмайтынымыз анық. Дос болып қалғанымызбен, көңіл көншітерлік нәтижесіз бірге жұмыс істесе алмаймыз. Мұны бәрі түсінеді.

– Футболды не үшін жақсы көресіз?

– Футболды есімді білгелі жақсы көремін. Бала кезден доп теуіп өстік. Командалық рух дегенді сол шақта түсіне бастайсың. Себебі ойын барысында командаңа барынша пайдаң тиіні керектігін білесің. Маған осы ұнайтын. Біз бір-біріміздің арқамызда мықтырақ, білімдірек боламыз. Ойын қоятын талап та ерекше: жүгір, теп, лас ойнасаң да болады, бастысы қарап қалма. Міне, футболға осылай ғашық болдым.

– Яғни футболдың ұжымдық ойын екендігі ұнайды ғой?

– Әкем теннис жаттықтырушысы болды. Ол мені футболшы емес, танымал теннисші болады деп үміттенетін. Бірақ теннис маған арналған спорт емес, жалғыз дайындалып түңіліп кетуші едім. Неше сағат форхэнд, бэкхэнд, бэкхэнд, форхэнд деп уақыт өткізуден қиыны жоқ шығар. Күні бойы бапкер екеуің ғана. Мүмкіндік берсе, достарыммен бірге 12 сағат бойы футбол ойнаушы едім.

– Сіздің өмірге деген көзқарасыңыз бөлек, түрлі қызығушылықтарыңыз бар. Сөйте тұра өміріңізді футболға арнадыңыз. Жаттығу, уайым, ойын, оны сараптауға арналған уақыттың бәрін басқа да дүниеге жұмсауға болатыны жайлы ешқашан ойланyp көрмеңіз пе едіңіз?

– Балкім, солай істеу де керек пе еді. Бірақ 33 жасымда өмірім күрт өзгеріп шыға келді. Спорт – бұл ғажайып әлем. Осы салада қаншалықты жұмыс істей алатынымды да білмейтінмін. Негізі арнамым медициналық ЖОО-ға түсу болатын. Алайда футбол мен медициналық білімді қатар алып жүру мүмкін емес. Өмірімді футболдың айналасында құруға тырыстым. Қазір ойлап қарасам, ештеңенің байыбына да бармаппын, бүгінгі күнмен өмір сүріп, ертеңіме тіпті

ақша да жинамаппын ғой. Карьерамды аяқтаған бойда күн көру үшін басқа салаға жұмысқа шығу керектігін түсіндім. Ал қолымнан футбол ойнаудан басқа ештеңе келмейді. Өмір маған жана мүмкіндік сыйлады. «Майнцке» бапкер болу лотереядағы ұтыс секілді еді. Футболды мен сияқты ойнасаң, табиғи дарыны бар аяқдоп шеберлеріне қарағанда ойын туралы көбірек ойлануға тура келеді. Бапкер атануыма да дәл сол дүние әсер еткен тәрізді. Бес жасымнан доп құдым, 33-ізде жаттықтырушы атандым. Яғни футболды зерттеуге 28 жылымды жұмсаппын.

Жалпы консервативті көзқарастағы адаммын, дегенмен қазіргі әлемнің саяси картинасына назар аударсақ, менің орным орталықтан солға қарай тұратыны анық. Мен үшін қоғам қызық, оның әрбір мүшесінің көңілі жай, жағдайы тұрақты болғанын қалаймын.

– Футбол қазіргі уақытта жарқын жақта қала алды ма? Қоғамға позитивті әсер етіп жатыр ма?

– Әрине, оған күмән болмасын. Футбол клубының киім ауыстыратын бөлмесі – түрлі мәдениет пен көзқарастың ортақ мүдде, мақсат, жеңіс жолында үйлесімді тіл табыса алатынына жақсы мысал. Футболда сонша адамды 95 минут бойы біріктіруге мүмкіндік аласың – бір эмоция, бір үміт пен бір энергетика. Біз бірге тойлаймыз, бірге мұңаымыз, бұл жалғыз қуанып, жалғыз қайғырғаннан әлдеқайда қызығырақ. Сондықтан футбол жарқын өмірдің елшісі деп айта аламын, бірақ оған қауіп туып тұрғаны анық.

– Футболға қандай қауіп төніп тұр?

– Ұйымдастырылуына байланысты. Үнемі дамып, жаңа жарыстардың ұйымдастырылуы және матчтар санының артуы – басты қауіп. Ойыншыларға жаттығу жасау керектігін де ұмытпаған жөн. Ойын бәріне керек, сөйте тұра дұрыс демалыс та қажет қой. Мысалы, біз маусымның соңғы матчын 1 маусымда өткіземіз. Бірақ мұнымен бәріне бірдей турнир тоқтайды деген сөз емес: әрі қарай Ұлттар лигасы, Африка ұлттарының кубогы секілді жарыстар бар.

– Бұл бүгінгі қоғам талабы емес пе? Себебі заманауи футбол клубтар,



федерациялар мен ұйымдардың табыс табуына бағытталған ғой.

– Халықаралық қауымдастықтар не үшін өзі жұмсайтын қаржыдан да көбірек табыс табуы керек? Неге ФИФА артық ақша табуға құмар? УЕФА-ның жеке шоттарында нәліктен ақша жатуы керек? Әлем чемпионатын кеңейтудің не қажеті бар? Турнир ұйымдастыруға кететін қаржыдан бөлек қаржыны қайтпек? Топырлатып гимнасттар салу үшін бе? Мен ешқандай да мұқтаждық көріп тұрған жоқпын. Әлем чемпионаты мен Чемпиондар лигасы – әлемдегі ең басты турнирлер. Олардың онжылдаған тарихы бар. Өзіңіз көріп тұрғандай, олардың да аясы кеңейді.

– Клубтық турнирлер жайлы не айтар едіңіз? Бұрын шағын клубтар да топ-лигаларда жеңіске жете алатын, қазір қаржылық теңсіздік мұндай мүмкіндіктің күл-талқанын

шығарды. «Ювентус» Италияда жыл сайын топ жарайды, ал Францияда ПСЖ-ға тең келер ешкім жоқ, «Бавария» – Германияның көшбасшысы. Мұны проблема деп қарауға бола ма?

– Проблема деп қарастыруға әбден болады. Германияда жүргенде «Бавария» жыл сайын жеңетін сияқты көрінетін. Бірақ өзге клубтардың да сол шынды бағындыруға мүмкіндігі болатын. Сол кез оралатынына сенімдімін. «Байердің», «Дортмундтың» құрамына қарап чемпиондыққа таласы бар командалар деп айта аласың. Ол жақта күрес бар. Англияда да нағыз тартысты көруге болады. Италияда бұл жүйе қалай жұмыс істейтінін аса түсінбейді екенмін.

– Ал өзіңіз бапкерлік жасаған клубтармен тығыз қарым-қатынаста қалуыңыздың себебі неде?

– Білмеймін. Бізге бір ғана ғұмыр беріледі, оны лайықты сүруге ұмтылу керек. Менің түсінігімде

футбол – өміріміздің көңіл көтеретін бөлігі. Іш пыстыратын ойындарға ешкім келмейді. Сондықтан көрерменді, жанкүйерді қуанытып, көңілін көтеру керек. Жеңіспен ғана емес. Жолдың бастауы мен трофей арасында есте қаларлық сәттер де көп болуы қажет. Бізде ондай сәттер баршылық.

– Футбол өмір не өлім еместігін айтып келесіз. Өзіңіз жинаған тәжірибе футболдағы сәтсіздіктермен күресуге қаншалықты көмектеседі?

– Маған Құдайға деген сенім көмектеседі. Өмір дегеніміз – өткен шақ немесе болашақ емес, ол бүгінгі күн. Оған өте сақ болу қажет, арасында ләззат та алып үлгеру керек. Кішкентай бала емеспіз, әрбір ісімізге жауаптымыз. Егер алға мақсат қойсам, қолымнан келмесе де, қателесем де, тағы ұмтылып көрімі керек. Егер мақсатым өзгеріп, құндылықтар ауысса, онда бағытым да ауысады.

Жеңісті уыстан шығарып алған финалдар жайлы білгіңіз келіп тұрған шығар. Бірақ финалға жету де ауқымды жұмыс. Сол жолда біз үлкен арақашықтықты бағындырамыз және олар бір-біріне ұқсамайды.

– Болашаққа деген сенім көмекке келеді дейсіз ғой?

– Өзім жалпы сабырлы адаммын. Өмірім керемет болады деп күтпеймін. Бірақ қазіргі өмірім мен армандағаннан әлдеқайда қызығырақ. «Ана бапкер мықты, ол жеңіске жетіп жатыр» деген теңеулерді жиі естимін. Бола берсін. Үйіме келіп отбасымды көре аламын, соның өзі қандай бақыт. Менен табыстырақ, ақылдырақ, менен білікті адамдарды не үшін көре алмауым керек? Өмірді бүгінгі күн деп қана қабылдаймын.

Дайындаған
Мәдина АСЫЛБЕК



● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ – Бас редактор

Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ҒАЛЫМ – менеджер
Зұлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үйі.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үйі. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Жазылу индексі – 64190
• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу күзегі № 11855 – Г
• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу күзегі № 16317-Г.